



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТЫ
МЕН
КОРЕЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТЫ
АРАСЫНДАҒЫ
ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты мен Корея Республикасының Конституциялық Соты, бұдан әрі «Тараптар» деп атала отырып, өзара құрмет көрсету және сенім білдіру, мемлекет егемендігі қағидаттарын негізге ала отырып және Конституция үстемдігін және оның тікелей қолданылуын қамтамасыз ету, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы өз жауапкершілігін сезіне отырып, өз қызметі саласындағы екіжақты ынтымақтастық бағдарламаларын кеңейтуге, біліммен және тәжірибемен бөлісуге ұмтыла отырып, екіжақты қатынастарды одан әрі нығайту шарты ретінде ынтымақтастық маңыздылығын тани отырып, Тараптардың мемлекеттері ұлттық заңнамаларына сәйкес төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Мақсат

Осы Меморандумның мақсаты – Тараптар арасындағы ынтымақтастықты тереңдету үшін берік негіз қалау, соның ішінде ААСС Зерттеу және дамыту хатшылығының (бұдан әрі – ‘ААСС SRD’) қатысуымен конституциялық бақылауды тиімді жүзеге асыруға, Тараптар мемлекеттерінің қолданыстағы конституциялық құқығы мен оның қолданылу тәжірибесін зерделеуге және достық қарым-қатынастарды нығайтуға үлес қосатын бірлескен бағдарламаларды іске асыру мен дамыту, сондай-ақ тиісті іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады.

2-бап

Ынтымақтастық бағыттары мен нысандары

1. Тараптар арасындағы ынтымақтастықтың негізгі бағыттары мен нысандары мыналар болып табылады:
 - 1) конституциялық бақылау жүйелері және Тарап мемлекеттері мекемелерінің функциялары жөнінде нормативтік-құқықтық ақпарат алмасу;
 - 2) қайсыбір Тараптар өткізетін конференцияларға, семинарларға және басқа да оқыту іс-шараларына қатысу;
 - 3) Тараптардың функциялары мен өкілеттіктеріне қатысты бірлескен ғылыми-практикалық конференциялар, симпозиумдар, семинарлар өткізу, білім беру, зерттеу және оқыту бағдарламаларын іске асыру;
 - 4) конституциялық бақылау практикасын зерделеу мақсатында Тараптар делегацияларының өзара іс-сапарлары;
 - 5) зерттеу және оқу мақсатында Тараптардың кітапхана қорларына және ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз ету;
 - 6) конституциялық құқық саласындағы салыстырмалы зерттеулерді дамыту және ААСС SRD Хатшылығымен бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру.
2. Тараптар ынтымақтастықтың басқа да бағыттары мен нысандарын қосымша келісуі мүмкін.

3-бап

Орындау тетігі

1. Осы Меморандум шеңберінде Тараптар бір-бірімен тікелей өзара іс-қимыл жасайды.
2. Тараптар өз аппараттарының қызметкерлері арасынан осы Меморандумды іске асыру үшін қажетті хат алмасуға және жұмыстарды орындауға жауапты тұлғаларды тағайындай алады.
3. Осы Меморандумға сәйкес құжаттар алмасу қазақ/кәріс/ағылшын тілдерінде жүзеге асырылатын болады. Қажет болған жағдайда, Тараптар келісу бойынша ынтымақтастықтың өзге нақты нысандары үшін басқа тілдерді айқындайды.

4-бап

Құқықтық мәртебе

Осы Меморандум халықаралық шарт болып табылмайды және Тараптар мен олардың мемлекеттері үшін халықаралық құқықпен реттелетін қандай да бір құқықтар мен міндеттемелерді туғызбайды.

5-бап

Шығыстар

Егер әрбір нақты жағдайда өзгеше тәртіп келісілмесе, Тараптар осы Меморандумды орындау барысында туындайтын өз шығыстарын өздері көтереді.

6-бап

Даулар мен келіспеушіліктерді шешу

Осы Меморандумды түсіндіруге және қолдануға байланысты кез келген даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар консультациялар және (немесе) келіссөздер жүргізу арқылы шешеді.

7-бап

Өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

1. Кез келген Тарап осы Меморандумды толық немесе ішінара қайта қарау, өзгерту немесе толықтыру туралы жазбаша сұрау салумен өтініш білдіре алады.
2. Тараптармен келісілген кез келген қайта қарау, өзгеріс немесе толықтыру жазбаша нысанда ұсынылады және осы Меморандумның бөлігіне айналады.
3. Кез келген қайта қарау, өзгеріс немесе толықтыру осы Меморандумнан немесе оның негізінде туындаған, осындай қайта қарау, өзгеріс немесе толықтыру енгізу күніне дейін туындаған пайда мен міндеттемелерге қайшы келмеуге тиіс.

8-бап

Меморандумның күшіне енуі, қолданылу мерзімі және оны тоқтату

Осы Меморандум Тарап өкілдері қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және 5 жыл бойы қолданылады. Егер оның қолданылу мерзімі аяқталар алдын бір ай бұрын Тараптардың ешқайсысы одан шығу туралы ниет білдірмесе, ол жаңа 5 жыл мерзімге ұзартылды деп есептеледі. Осы Меморандумның қолданылуын тоқтату қолданылу кезеңінде басталған іс-шаралар мен жобаларды іске асыруға әсер етпейді.


2025 жылғы “12” қарашада Сеул қаласында әрқайсысы қазақ, кәріс және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, барлық мәтіндер тең түпнұсқалы болып табылады. Түсіндіруде алшақтықтар болған жағдайда, ағылшын тіліндегі мәтінге басымдық беріледі.

Қазақстан Республикасы
Конституциялық Сотының
атынан



Төраға
Эльвира Азимова

Корея Республикасы
Конституциялық Сотының
атынан



Төраға
Ким Санхван